


## Безье қисығының қасиеті



- Бастапқы және соңғы нүктелерімен үзіліссіз қосылған сегментті;
- Қисық сызық әрқашан ішкі фигурада, сызықтықтарды, бақылау нүктелердің қосылуында жатады;
- Екі бақылау нүктелер сегменті өзімен тұзу сызықты ұсынады;
- Тұзу сызық коллинеарлы басқарушы нүктелерде орналасады ( бір тұзу бойында);
- Безье қисығы симметриялы, бастапқы және соңғы нүктелер арасында орын ауыстырылғанда (траекторияның бағытының өзгерісі) қисықтың пішініне әсер етпейді;
- Масштабтауды және пропорцияның өзгерісін Безье қисығы оның тұрақтылығының бұзбайды, себебі ол «аффинно инвариантна» математикалық көзқарасы;
- Координатының өзгеруі бір нүктеден барлық түрдегі Безье қисықтарын өзгертеді.
- Қисықтың дәрежесі әрқашан бақылаушы нүктеден бір сан тәмен. Мысалы, үш бақылаушы нүктелердің қисық түрі – парабола.
- Параметрлік Безье қисығында шеңбер салу мүмкін емес;
- Безье қисығын параллельді құруға болмайды (тұзулер және ұқсас қисықтар).

Қорыта келгенде бұл күшті жүйенің барлық мүмкіндіктрін қарастырып, CorelDraw-дың өте өзіне тартымды жүйе екеніне көз жеткіздік.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Потапов А. А., Пахомов А. А., Никитин С. А., Гуляев Ю. В., Новейшие методы обработки изображений. – М.: Физматлит, 2008. – 496 с.
2. К. Айсманн, У. Палмер, Ретуширование и обработка изображений в Photoshop, 3-е издание. М: Вильямс, 2008. — 560 с.
3. Степаненко О. С., Сканеры и сканирование. Краткое руководство. – М.: Диалектика, 2005. – 288 с.
4. Д. В. Иванов, А. А. Хропов, Е. П. Кузьмин, А. С. Карпов, В. С. Лемпицкий, Алгоритмические основы растровой графики, 2007. Учебное пособие.
5. Дьяконов В. П., MATLAB 6.5 SP1/7/7 SP1/ Работа с изображениями и видеопотоками. – М.: СОЛОН-Пресс, 2010. – 400 с.
6. Гонсалес Р., Вудс Р., Цифровая обработка изображений. – М.: Техносфера, 2005, 2006. – 1072 с.

## МАТЕМАТИКА МЕН ФИЗИКАНЫҢ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ

### IMPLEMENTATION OF INTERSUBJECT COMMUNICATION BETWEEN MATHEMATICS AND PHYSICS

**Сағымбаев М.Т.**

«Семенов орта мектебі»ММ, Қостанай ауданы, Қостанай обл., Қазақстан

Қазіргі кезде білімнің интеграциялануын қамтамасыз ету, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұстастай алғанда оқушылардың танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру

міндепті негізгі мәселелердің біріне айналып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Қазақстан халқына жолдауында «...ғаламдану жағдайында қазақстандықтардың интеллектуалдық қабілеттері біздің жоспарларымыздың негізгі факторлары болып табылады», ал кез келген «...ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен анықталады» деп атап көрсетеді.

Бұл стратегиялық міндептің ойдағыдан жүзеге асырылуы отандық білім беру жүйесінің жетілдіруін талап етеді, өйткені мемлекетіміздің кемелденуі жас ұрпақтың алатын білімінің деңгейіне тікелей байланысты. Осы аспектіде жалпы білім беретін мектептің біртұтас педагогикалық үрдісінде қазіргі оқушыларды, оның ішінде жасөспірімдік шақ кезеңіндегі оқушылардың танымдық іс-әрекеттің пәнаралық байланыстың мүмкіндіктерін пайдалану арқылы **жүзеге асыру**, жоғары оқу орындарында, сондай - ақ орта білім беру мекемелеріндегі негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Әсіресе бұл міндепті шешу физика және математика пәндерінің оқытушылары үшін өзекті. Пәнаралық байланыс - педагогика ғылымында философиялық, психологиялық, дидактикалық және әдіснамалық жағынан қарастырылатын күрделі комплексті сала. Сонымен бірге, пәнаралық байланыс педагогика ғылымының басты мәселесі болуымен бірге қазіргі заманғы ғылымдардың интеграциялану тенденциясы жағдайында мектеп жүйесінің білім беру мазмұнын айқындаудың басты ерекшеліктері болып саналады. Пәнаралық байланыстарды оқыту процесінде қазіргі заманғы ғылыми танымның маңызды белгілерін құрайтын ғылымаралық байланыстардың көрініс табуы ретінде қарастыру керек.

<h4>Оқу - тәрбие міндептерінің ортақтығы оқытушыларды мақсаты бойынша ұқсастық, мазмұны бойынша пәнаралық сабактарды ұйымдастыруға бағыттайты. Бұл міндептер оқу бағдарламасының мазмұнын ашуда әр түрлі оқу танымдық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы мүмкін:</h4>

I. Оқылатын құбылыстардағы себеп - салдар байланыстарын басқа пәндерден алған білімінің көмегімен түсіндіру.

II. Жаңа ғылыми түсініктерді әртүрлі пәндерден өткен факторлар мен теорияларға сүйене отырып енгізу.

III. Белгілі түсініктердің нақтылануы, әртүрлі ғылымды қолдануына байланысты олардың белгілерінің кеңейтілуі.

IV. Жаңа жалпы түсінікті (занды) жекеден қорытып шығару және жалпы түсініктерді (зандарды) жекенің көмегімен нақтылау.

V. Эртүрлі оқу пәндеріндегі білімдерінің жүйеге келтірілуі, оқу объектісі түрінде бір мәселеге бірігуі.

VI. Жалпы ғылыми идеялар мен ұстанымдарды негізге ала отырып, жалпы теориялық күйді дәлелдеу үшін әртүрлі пән білімдерін қолдану.

VII. Эртүрлі пәндерден алған білімдерін оқушылардың практикалық қызметтерінде қолдану.

<h4>Пәнаралық байланысы бар сабактардың тиімділігін бағалау мен анализдеу барысында табылған критерийлердің қысқаша тізімі:</h4>

I. Пәнаралық байланыс деңгейінде сабак тапсырмаларын нақтылау.

II. Сабактағы пәнаралық байланыстардың түрлері:

1) аралас курс материалдарын оқыту уақыты бойынша

2) байланыс құрылатын оқу материалының сипаты бойынша - фактылық, түсініктік, теориялық, философиялық, идеологиялық,

3) жалпы пәндік іскерліктер сипаты бойынша - есептік - өлшегіш, графикалық, эксперименттік - практикалық және т.б.

III. Аралас курстардан көрнекіліктерді қолдану (қандай?, қалай?).

IV. Оқушылардың басқа пәндерден алған білімдерін сабакта пайдаланудың тәсілдері: алдын ала үйге тапсырма беру, мұғалімнің ауызша түсіндіруі, қайталама әңгімелесу, еске тү-

сіру мақсатында сұрақтар қою, оқушыларға жеке және топтық тапсырма беру, ұжымдық әңгімелесулер және т.б.

V. Мұғалімдердің пәнаралық байланысты сабакта тиімді қолдануды ұйымдастыру: аралас пән мұғалімдерімен келісілген тақырыптық және сабак жоспарын енгізу, өлшем бірлігі, оку жұмысының әдісі, бағдарлама және басқа пән оқулықтарын оқу, пәнаралық сабактар жүйесінің бір түрі және т.б.

<h4>Физика математикамен үзіліссіз байланысқан. Математика физикаға эксперимент және теориялық зерттеулер нәтижесінде алынған физикалық шамалар арасындағы тәуелділікті дәл бейнелеуді және жалпы тәсілдері мен құралдарын береді. Сондықтанда физиканы оқытудың әдістері мен мазмұны оқушылардың математикалық дайындығы деңгейімен тіке-лей байланысты. Физиканың бағдарламасы оқушылардың математикадан білімдерін ескеретіндегі құрылған. Физиканың оқытушысына сабактың жалпы «математикалық тілін» көрсетуі үшін, мектептік математика курсының мазмұнымен, ондағы терминологиялар мен оның ту-сіндірмелерімен танысуына тұра келеді.< Айталақ, VI(VII) сыныптың алгебрасында негізгі ұғым функция түсінігі болып табылады, оған арнайы  $y=f(x)$  түрінде символикалық белгілеу енгізілген, функцияны кесте, график, формуулалар түрінде берудің тәсілдері баяндалады. Осыған байланысты физиканы оқыту әдістемесінде алғашқы сабактарда әріптік белгілеуді енгізу туралы ұсыныс қалыптастырылады. Оның орнына енді оқушылардың функционалдық тәуелділігі, функцияның графигін түрфызы, векторларды қосу туралы білімі кеңінен қолдану қажеттігі туады. Физика сабакында вектор туралы ұғыммен оқушылар алғаш рет VI(VII) сыныпта құш және жылдамдықты оқып үйрену кезінде кездеседі. Мұнда вектор ұғымы сандық мәнімен қатар бағыты бар физикалық шама ретінде анықталады. Геометрия курсында VI(VII) сыныптағылар арақашықтығы сақталатын, өзіне қарағандағы жазықтықтың бейнесі ретінде анықталатын орын ауыстыру ұғымымен танысады, ауысудың жеке бір түрі – параллельді ауысу қарастырылады. Алайда ауысуда, параллельді ауысуда оқытушының қосымша жұмыстарының физикаға енгізілген «вектор» ұғымымен оқушының санасына ассоциацияланбайды. Математикадағы және физикадағы «вектор» ұғымы бастапқы көзқарас **түр-ғысынан** олар әр түрлі объектілер, бірақ олар векторлық табиғатымен сипатталатын ортақ ұқсастыққа ие. «Бұл бір тұтастылық мәні вектор деп аталатын **математикадағы** немесе физикадағы әр объектілерге екі объектінің суммасы және объектінің санға көбейту тәріздес ортақ операциялар тән болуында. Сондықтанда физиканы оқытудың алғашқы сатыларында оқушылардан күш және жылдамдық векторлық шамалардың мәні екенін талап етудің қажеттілігі жоқ, оларға бұл шамалардың ерекше қасиетке ие екендігін, олардың арқасында оларға қарасты амалдардан сандық мәндермен орындалатын амалдардың өзгешелігін көрсету қажет».

Қазіргі заманғы мектептің механика курсында векторлар және координаталық әдіс кең қолданыс тапқан. Тендеудің сәйкес суреттермен ұштастырылған векторлық формасы есептің физикалық жағдайын ашып көрсетеді және оның табысты шешілуін анықтайды. Бұл форма қозғалыс тендеуінің немесе тепе - тендік шартының алгебралық жазбасын женилдетеді. Алайда физиканың алғашқы ұғымдарын үйренуде векторлық есептеулерді қолданудың дидактикалық мүмкіндігі шектеулі екендігін ескеру қажет. У.Томсон «векторлар борды үнемдейді және миды жұмсайды» деп атап көрсеткен. Академик А. Н. Крылов векторлық есептеулерді қолдану «бастауыш мектепте балаларға бір мезгілде жазуды, таза жазуды және стенографияны үйреткенмен бірдей» деп атап көрсетеді. Сонымен қатар функционалдық тәуелділікті геометриялық бейнелер түрінде координаталық жүйеде беру нақтылы құбылыстардың динамизмін көрнекі формада көрсетеді және физикалық шамалар мен өзара байланысын ашып көрсетеді.

Мектеп курсында физикалық заңдылықтар негізінен формуулалар түрінде жазылған. Сондықтанда оқушылар функционалды тәуелділіктің шынайы бейнесін қабылдамайтыны даусыз. Бұл ретте графикалық тәсіл өзіндік артықшылықтарға ие: физикалық заңдылықтың барысын көрсетеді, процесстің динамикасын көрнекі бейнелейді. Тәжірибедегі физикалық шамалар арасындағы байланысты тағайындау (мысалы I, U және R арасындағы тәуелділікті

түсінү және тізбек бөлігі үшін Ом заңын тағайындау) және оны геометриялық кескін түрінде бейнелеу шамалардың тұра және кері тәуелділігі, сзықтық, квадраттық көрсеткіштік және логарифмдік функция, орташа мән, функцияның максимумы және минимумы т.с.с маңызды түсініктердің аясын біртіндеп кеңейтіп қолдануға мүмкіндік береді. Физика және математикада функция, шама, туынды, интеграл сияқты ұфымдардың қалыптасуы кезінде пәнаралық байланыс қалай жүзеге асырылуы мүмкін екендігін қарастырып көрейік. Бұл мәселенің тууына әкелген себептер төмендегідей :

Біріншіден, аталған ұфымдарды жоғары сыныптарда оқып үйрену, физиканың механика курсында сабак өту кезінде қыындық туғызады. Сондықтанда математикадағы математикалық анализдің негізгі ұфымдарын қарастыру физикада механика курсын өткенде біrmезгілде басталғаны жөн.

Екіншіден, математикалық аппаратты жеткіліксіз қолдану физиканың барлық курсын оқып үйренуде қыындық туғызады, ол математикалық ұфымдардың кешігіп оқытыла тындынына, немесе физика және математика оқытушыларының жалпы физика - математикалық ұфымдарды қолдануда ортақтастырылған келісімінің болмауына байланысты.<Қалыптасқан жағдайдан шығудың жолы физика және математика курсында математикалық анализ ұфымдарын оқушыларда бірлесіп қалыптастыру пәнаралық байланысты жузеге асырудың бір шешімі болып табылады. Математикалық анализ және механика негіздерін параллель оқып үйрену кезінде - бір сәттік жылдамдық, бір сәттік үдеу, ауысу, жұмыс, сияқты физикалық ұфымдармен қатар туынды, алғашқы функция, интеграл тәріздес математикалық ұфымдарды қалыптастыруға зор мүмкіндік туады. Қазіргі заманғы оқу жоспарлары мен бағдарламалары әр ғылымның негізін оқып - үйрену кезінде пәнаралық байланысты жузеге асыруға мүмкіндік туғызады. Дегенмен, оқушылардың синтездік ойлау қабілетін қалыптастыратын, оқушыларға табиғаттың және қоғамның құбылыстарын жан - жақты үйренуге мүмкіндік беретін іс жузіндегі пәнаралық байланыстар оқытушы «өз» пәнін оқыту кезінде және осы пән күралдағымен басқа пәндерде оқытылатын құбылыстардың мәнін ашақанда ғана жузеге асырылады, оқушылардың білімін кеңейтеді, білімді әртүрлі жағдайларға қолдануға мүмкіндік туады, оқушыларда біртұтас ұфым, дағды және біліктілік қалыптасады. Тәжірибелер көрсеткендегі IX сыныпта көп мүшениң туындысы ұфымын талдау жеткілікті. Ал одан әрі туынды және интеграл ұфымын әр түрлі функцияларды қолданып, физика және математика сабактарында X және XI сыныптарда оқытылғаны жөн.

«Пәнаралық байланыстарды жузеге асыру кезінде артықшылық математиканың қатаң дәлелдемелерінен ғөрі физиканың көрнекіліктеріне берілген орынды. Сондықтанда математика сабактарында туындының қосындысын жылдамдықтардың қосылу заңдылығына сүйеніп, функцияның туындысының формуласын жартылан индукция әдісіне негіздел, математикалық дәлелдемелер физиканың мысалдарымен көрсетіліп, шексіздікке ауысу ұфымы физикадан дene қозғалысының белгілі бір уақыт аралығында кемитін орташа жылдамдығы мәнімен анықталатын экспериментке негізделіп қарастырулған орынды. Тіке жоғарыға лақтырылған дene қозғалысының физикалық мысалын қарастыру, өсетін және кемитін функция ұфымын қалыптастыруды жеңілдетеді, екіншілік туынды ұфымын енгізуге және оның негізінде графіктің дөңестігін анықтау қағидасын шығаруға мүмкіндік туғызады. «Анықталмаған интеграл» және «интеграл» ұфымдарын кең қолдану арқылы физикалық мысалдарды анықтамасынан бастап, алғашқы түрлендірудің негізгі қасиеттерін нақтылау, алғашқы түрленудің геометриялық кескіні және интегралын және көпмүшениң интегралдау қағидасымен аяқтап қалыптастырған орынды».

Физика математикалық анализ ұфымын қалыптастырудың көрнекілік жағынан бәсеке роль атқармайды, ол динамикалық ауысадың шегін түсінуге, «аз шаманың шексіздігі» ұфымын ой елегінен өткізуға мүмкіндік береді. Физика курсы үшін туынды және интеграл ұфымы бірқатар физикалық шамалардың Ньютон заңының екінші қағидасының нақты жазбасын, электромагниттік индукция заңын, магнит өрісінде туатын ӘҚК индукциясының мәнін ашуға жол ашады, графиктермен жұмысты оңтайланырады, дene тепе - тенденциінің түрлерін

күш әсері тұрғысынан ғана емес энергетикалық тұрғыданда қарастыруға мүмкіндік туғызылады. Оқушылардың туынды және интеграл туралы білімі олардың физикалық шамаларды анықтаудағы және физикалық мазмұнды графикалық есептерді шешудегі жалпы қырын қалыптастырады. Осы мақсатта мысалы, математикалық және физикалық функционалдық тәуелділікті анықтау үшін алгоритмдік сызба - нұсқаларды қолдануға болады. Нактылы айтсақ, туынды көмегімен физикалық ұфымдарды анықтаудың жалпы қырлары төмендегідей:

</h4>

1. Туынды ұфымын қолдану мүмкіндігін ескеріп,  $y=f(x)$  функционалдық тәуелділікті жаз.

2. Функция өсуінің аргумент өсуіне қатынасын анықта, яғни функция өзгерісінің орташа жылдамдығын тап.

3. Туынды өрнегін жазып, функцияның шекті ауысуын жүзеге асыр.

4. Физикалық шамалардың анықтамасын келесі схемамен көрсет: осы функцияның туындысы ретінде физикалық ұфымдардың атауы, функцияның атауы, аргументтің атауы. Мысалы, дene қозғалысының бір сәттік жылдамдығы, дene координатасының уақыт бойынша туындысы болып табылады.

Интеграл көмегімен физикалық түсінікті келесі сызба - нұсқа негізінде қарастыруға болады:

1. Осы жағдайға «интеграл »ұфымын қолданудың мүмкіндігін қарастыр : ізделінді физикалық шаманың мәні келесі өрнектердің суммасы түрінде болады, белгілі бір аралықтағы функцияның орташа мәні, графикалық тұрғыдан бұл сума сатылы фигурапар ауданының мәніне сәйкестенуі керек, ал нөлге ұмтылғанда сатылы фигура ауданы қисық сзықты трапеция ауданына жақындауы қажет.

2. Ідолонді физикалық шаманы алғашқы функция ретінде жаз.

3. Физикалық шамалардың анықтамасын келесі схемамен көрсет: осы функцияның туындысы ретінде физикалық ұфымдардың атауы, функцияның атауы, аргументтің атауы.

Кей жағдайда бұл сызба нұсқа басқашада болуы мүмкін. Интегралдау дегеніміз дифференциалдауға кері амал болғандықтан келесі тәртіпті қолдануға болады:

1. Изделинді функция туындысын сәйкес аргумент бойынша жаз, мысалы  $?=dx/dt$

2. Анықталған туындысының алғашқы функциясын тап.

3. Изделинді функция өзгерісін аргумент мәндеріне сәйкес негізде анықта. Физикалық ұфымдарды интеграл көмегімен анықтаудың қандай да болмасын қыры «интеграл» ұфымын қалыптастыру жұмыстарының сатыларына байланысты. Физика мен математиканы оқыту барысында оқушылар санасына математика физикалық ұфымдар мен заңдарды корытудың күшті құралы болып табылатындығына сенім үзілдік қажет.

### ӘДЕБІЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Пинский А.А. К формированию понятия «функция» в школе. //Физика в школе, 1977, № 2. – С. 42.
2. Бугаев А.И. Методика преподавания физики в средней школе. Теорет. основы. Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов. – М.: Просвещение, 1981. – С. 288.
3. Кулагин П.Г. Межпредметные связи в обучении. – М.: Просвещение, 1983.
4. Пинский А.А., Самойлова Т.С. и др. Формирование у учащихся общих физико-математических понятий. // Физика в школе, 1986, № 2. – С. 50-52.
5. Иванов А.И О взаимосвязи школьных курсов физики и математики при обучении величин. // Физика в школе, 1997, № 7. – С. 48.
6. Парфентьева Н.А., Липкин Г.И. Использование элементов математического анализа. – Физика, 2000, № 3. – С. 9.
7. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы. Республикалық баспа кабинеті, 1995.
8. Максимова В.Н. Межпредметные связи и совершенствование процесса обучения. Москва Просвещение, 1984. – 143 с.